

## БЕКІТЕМІН

Қазақстан Республикасы ІІМ  
Төтенше жағдайлар комитеті  
Көкшетау техникалық институты  
бастығының м.а. азаматтық қорғау  
полковнигі Ж.Ж.Раимбеков  
04.03 2020 жыл

### АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӨЛЕН ОҚУ ЭСТАФЕТАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Қазақстан Республикасы ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті Көкшетау техникалық институтында 2020 жылда Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өтетін «АБАЙ ӘЛЕМІ» атты ғылыми – танымдық іс шара жоспарына сәйкес мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және Абай шығармашылығын насихаттау арқылы қазақ мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне деген көпшілік ықыласын арттыру, қазақстандық рухани бірлікті қуаттау, отансүйгіштік сезімді арттыру мақсатында ақын өлеңдерін жатқа оқу эстафетасын өткізеді.

#### Эстафета міндеттері:

1. Қазақ тілінің көркемдік ерекшеліктерін, бай қорын Абай шығармалары арқылы насихаттау;
2. Абай шығармалары негізінде қоғамдық ынтымақтастықты орнықтыру;
3. Абай шығармалары арқылы көркемсөз оқу шеберлігін, тіл мәдениетін жетілдіру;
4. Абай шығармаларын тіл үйренудің тиімді әдісі ретінде таныту.

#### Эстафета шарттары:

- Абай шығармаларын (поэзия, қара сөздері) қазақ тілінде жатқа оқу;
- «Абай жолы» романынан қазақ тілінде жатқа үзінді оқу.

#### Эстафетаға қатысушыға басты қойылатын талаптар:

- көркем мәтінді жатқа айту және мәнерлеу шеберлігі;
- қазақ тілінде орфоэпиялық тұрғыдан таза сөйлеу;
- сахналық мәдениетті сақтау;
  - эстафетаны қабылдаған тұлға кем дегенде 3 күн мерзімінде эстафетаны сайт арқылы келесі тұлғаға міндетті түрде жолдауы қажет;
  - Абай өлеңдерін таңдау барысында эстафета бойынша жатқа оқылған өлеңдерді екінші рет қайталамау.

ӘГПТ ж/е ПД кафедрасының бастығы,  
азаматтық қорғау полковнигі  
«27» 02 2020 ж.



Қ.Ә.Нарбаев